

«Сейфуллин оқулары – 18: « Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми -практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.І, Ч.ІV. - Б. 219-221

## **ЖАЙЫЛЫМДЫҚ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Хадыс А., 2 курс магистранты,  
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-  
Сұлтан қ*

Бүгінгі таңда ауыл шаруашылығы, әсіресе, мал шаруашылығымен айналысатын ауыл тұрғындарының экономикалық әл ауқатын, сонымен қатар, айнала қоршаған ортаның экологиялық жағдайын сақтау үшін жайылымдық алаптарды тоздырмай ұтымды пайдаланудың маңызы зор. Қай уақытта болсын табиғатты қорғау, яғни адамның тіршілік ету ортасын сақтау және тіршілікті қамтамасыз ету негіздерінің бірі дәстүрлі шаруашылық жүргізу кезінде, табиғи жайылымдарды пайдалану, оны жан-жақты реттеу қажеттілігі, зерттеу ауданындағы ауыл тұрғындары үшін ғана емес, сонымен қатар көптеген басқа да мал шаруашылығы орталықтары үшін өзекті болып табылады.

Қазақстанда мал шаруашылығын, әсіресе етті бағыттағы мал шаруашылығын дамыту үшін табиғи және экономикалық байлықтардың бірегей үйлесімі, яғни орасан зор көлемді табиғи жайылымдар мен көптеген ұрпақтардың көшпелі тәжірибесі бар. Өздеріңіз білетіндей, механикаландырылған ауыл шаруашылығының пайда болуы мен дамуына дейін жаз айларында ірі қара малдың негізгі тамақ көзі табиғи жайылымдар болған. Малдың денсаулығы мен репродуктивті функциясына жағымды әсер ететін факторлардың бірі, олардың жайылымдарда еркін жайылып жүруі.

Малды жайылымда ұстап, оны қоректілігі жоғары жасыл жемшөппен азықтандыру өте маңызды. Жаз мезгілінде жайылымда жануарлар жемшөптің шамамен 60%-ын және сіңіретін ақуыздың 70%-ын алады екен[2]. Сонымен қатар мал басын жайылымдық ұстау оларға жан-жақты оң әсер етеді. Осының арқасында жас жануарлардың өсуі мен дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасалады. Жақсы жайылымдарда жаю кезінде сауынды сиырлардың сүт беруі, ал ірі қара мал төлінің күнделікті өсіп салмақ қосуы артады.

Қысқы кезеңде мал өнімділігін арттыру және малдың өнімділігін төмендетпей оларды жазғы-лагерлік ұстауға біртіндеп ауыстыру қолда бар азықтарды дұрыс және ұтымды пайдалануға байланысты. Сондықтан оларды тек теңдестірілген түрде және жануарлардың өнімділігін, жасын, қондылығын және физиологиялық жағдайын ескере отырып, қатаң түрде азықтандыруға қол жеткізу керек. Шаруашылықтарда азықтан барынша пайда алуға, азықтандыру үшін мал азығын дайындауға, қажетті жемшөп

коспаларын, тұздарды қамтамасыз етуге және сатып алуға мүмкіндік беретін шаралар кешенін әзірлеу қажет.

Ірі қара малының рационында 25-35% - ға дейін құнарлы жем, 95-98%-ы дәнді және бұршақты дақылдар құрайды. Қазіргі уақытта астықтың негізгі мөлшері жануарларға алдын-ала дайындықсыз, ең жақсы жағдайда ұсақтау түрінде беріледі, бұл жемшөпті пайдалану тиімділігінің төмендеуіне және оны мал шаруашылығы өнімдерін өндіруге көптеп жұмсауға әкеліп соғады. Сондықтан малды жайылымдарды бағудың маңызы зор.

Малды қорадан жайылымға көшіру күрделі болғанмен, өте жауапты кезең болып саналады. Мал шаруашылығын зерттеуші ғалымдарының пікірінше, жануарлардың ас қорыту бұзылыстарын болдырмас үшін, оларды жайылымға шығарар алдында алғашқы күндері алдын ала шөппен қоректендіріп, күніне екі үш сағат жаяды. Осылайша бірте-бірте мал жаю уақытын арттырып, бір апта ішінде мал толығымен жасыл жемге ауыстырылады. Таңертең жануарлар, алдыңғы күні қолданылған жерде жайылып, содан кейін жаңа жайылымға айдалады. Ыстық күндері малды ашық, жел соғатын жайылымдарда ұстауға ұмтылу керек. Жануарларды алыс аралықтағы жайылымдарға айдау олардың қосымша күш жұмсауына әкеліп соғады, сондықтан табынның қозғалыс бағыты тәулігіне 10-15 км-ден аспауы керек. Сонымен қатар малды демалыс және суару орындарына жайып апарған дұрыс.

Жайылымда демалдыру және айдау аралықтарына кететін уақытты есептемегенде малдар өнімділігі жоғары жайылымдарда тәулігіне 10-12 сағаттан, орташада 13–тен 14-ке дейін, өнімділігі төмен жайылымдарда тәулігіне 16 сағатқа дейін жайылады.

Сонымен қатар, мал жаюдың негізгі шарттарының бірі жақсы суаруды ұйымдастыру болып табылады. Судың жетіспеушілігі немесе оның сапасыздығы жануарлардың шөптерді аз жеуіне ықпал етеді. Нәтижесінде олар салмағын жоғалтып, өнімділігін төмендетуі мүмкін. Белгіленген мөлшер бойынша жас жануарларға күніне 20-50 литр, ал ересек малға 30-60 литр су қажет. Оларды салқын уақытта күніне кемінде 3 рет және ыстық күндерде 4 рет суару қажет.

Қарқынды мал шаруашылығымен айналысатын шет елдерде ірі қара малдың рационында үлес салмағы 50%-ға дейін жеткізілген жайылымдар мен жасыл азықтарға ерекше назар аударылады. Бұл елдерде көпжылдық шөптермен себілген жайылымдар барлық жерлердің 70-85% алады[3].

Ғалымдардың пікірінше, жайылымдық ұстау кезінде жүз сиырға қызмет көрсету үшін, жазда шөпті орып, егістіктен мал ауласына жеткізу арқылы малды қорада ұстағаннан екі есе аз жұмыс күші қажет[3]. Демек, жайылымдарды пайдалану, яғни жайылымдық шөптер жазда қолданылатын ең арзан мал азығы болып табылады. Сонымен қатар ірі қара малға арналған жайылымдардағы өсімдіктердің пайдасынан басқа, басты артықшылығы шексіз мөлшердегі таза ауа, табиғи күн сәулесі және жануарлардың еркін қозғалуы үшін қолайлы үлкен аумақтың болуы.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Тореханов А.А., Алимаев И.И. Результаты и пути научного обеспечения использования пастбищных ресурсов в Казахстане. //Кормопроизводство. - М., 2004. - №12.

2 Устойчивое управление пастбищными ресурсами для повышения благосостояния сельского населения и сохранения экологической целостности, Алматы 2010

3 Кервен С., Алимбаев И.И. Животноводство при современном выпасе. Бюллетень по агрономии Казахстана, 2000-№11-12.

4 ьҚазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті

5 Desertification Combat and Food safety. B. Faye and P. Esenov (Eds.) JOS Qress, 2005.

6 Kerven, C., Steimann, B., Dear, C. and Ashley, L., 2012. Researching the Future of Pastoralism in Central Asia's Mountains: Examining Development Orthodoxies. *Mountain Research and Development*, 32(3), pp.368-377.

7 Мастер-план развития кормопроизводства в Республике Казахстан на 2013-2020 годы.

*Жетекші: доцент Карбозов Т.Е.*